

Жария оферта шарты

Осы шарт MagnumGo интернет-дүкенінің ресурстарында тіркелген жеке тұлғаларға (бұдан әрі «Тапсырыс беруші») арналған. «MagnumGo» интернет-дүкенінде тауарларды сатып алу және жеткізу онлайн қызметін «Magnum Cash&Carry» ЖШС (бұдан әрі – «Орындаушы») жүзеге асырады.

1. Негізгі ережелер

1.1 Оферта шарты – Орындаушы қызығушылық танытқан кез келген адамға ұсынатын және барлық маңызды талаптарды қамтитын осы ұсыныс. Бұл ұсыныста заңнамада маңызды деп танылған немесе тауарларды сатып алу-сату үшін қажет болатын барлық талаптар, сондай-ақ Орындаушының мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізілуі тиіс талаптар қамтылған;

1.2 Ақцепт жасау тәртібі – Оферта шартында көрсетілген тәртіпте және талаптарда тапсырыс рәсімделген және оның ақысы төленген мезеттен бастап Тапсырыс беруші Орындаушының ұсынысын қабылдаған болып есептеледі.

2. Тапсырысты рәсімдеу

2.1 Өнімдерді сатып алуға және жеткізуге тапсырысты Тапсырыс беруші MagnumGo мобильді қолданбасы арқылы жасайды. Тапсырысты рәсімдеу кезінде Тапсырыс беруші мына ақпаратты: тапсырыс жеткізілетін нақты мекенжайды, байланыс телефонын, Тапсырыс берушінің жеке басын куәландыратын құжаты бойынша аты-жөнін енгізуге міндеттенеді.

2.2 Тапсырыс беруші беріліп отырған өзі және мекенжайы туралы ақпараттың және басқа да жеке деректерінің дұрыс, толық және тапсырысты орындау үшін жеткілікті болып табылатындығын растайды.

2.3 Тапсырыс беруші өзі көрсеткен телефон нөмірлеріне тапсырыстарды орындауға қатысты қолдау қызметі мен курьерлердің қоңырауларын қабылдауға келіседі.

2.4 Тапсырыс беруші тапсырысты орындау үшін Жеткізу мекенжайы бойынша кіруді, соның ішінде домофон, қолжетімділікті бақылау жүйелері, күзет, консьерж қызметтері арқылы кіруді қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

2.5 Тапсырыстың қорытынды сомасы тапсырысты жеткізу үшін пайдаланылған қалталардың санына байланысты артады.

3. Тауарларды жеткізу және қайтару

3.1 Жеткізудің тұрақты құны мына соманы құрайды:

3.1.1 20 000 теңгеден аз сомаға тапсырыс бергенде – Орындаушы белгілеген шектерде, жеткізу орнының қашықтығына тәуелсіз, 700 теңге. Науқандық шаралар кезінде жеткізу тегін болуы мүмкін.

3.1.2 20 000 теңгеден астам сомаға тапсырыс бергенде – қала шегінде немесе Орындаушы белгілеген басқа шектерде жеткізу тегін.

3.2 Тапсырыстың ең төменгі құны – 4 000 теңге

3.3 Тапсырыс беруші тауарлардың Magnum сауда желісінің супермаркеттеріндегі сөрелерден жиналатындығы туралы хабардар және бұған келіседі.

3.4 Тапсырыс беруші тауар сәреде болмаған жағдайда, бұл позицияның Тапсырыс берушімен келісе отырып, ұқсас баға диапазонында баламалы позицияға ауыстырылуы мүмкін екендігімен келіседі. Егер Тапсырыс беруші 15 минут ішінде тапсырысты жинаушының қоңырауына жауап бермесе, тапсырысты жинаушы ұқсас баға диапазонында өз қарап шешуі бойынша ауыстыруды ұсына алады (егер Тапсырыс беруші тапсырысты қалыптастыру кезінде «Сәйкес тауарға ауыстыру» опциясын таңдаған болса) немесе тауарды тапсырыстан алып тастайды.

3.5 Өлшенетін тауарлардың салмағы өтінім берілген салмақтан 10%-ға (және тұтастай сатылатын ірі көкөністер, мысалы: асқабақ, қырыққабат, ананас және т.с.с. үшін одан да көп) өзгешеленуі мүмкін. Бұл ретте өлшенетін тауарлар үшін тапсырыс сомасын бұғаттау кезінде өлшенетін тауарлар сомасының 10%-ы қосымша резервтеледі. Өлшенетін тауарлардың нақты салмағы мен сомасы тапсырыс егжей-тегжейлерінде көрсетіледі.

3.6 Өнімдерді Тапсырыс беруші таңдаған уақыт аралығында пәтердің есігіне дейін курьер жеткізеді.

3.7 Тапсырыс беруші тауардың сапасын тауарды қабылдау кезінде курьердің көзінше тексеруге міндетті. Тапсырыс берушінің фискалдық чекті алу фактісі Орындаушының (курьердің) тауарды табыстауын және Тапсырыс берушінің тауарды қабылдауын растау болып табылады.

3.8 Тапсырыс беруші тапсырыстан бас тартуға құқылы:

- тапсырыстан оны жинақтау басталғанға дейін бас тартқан жағдайда – бұғатталған сома толық көлемде қайтарылады;

- тапсырысты жеткізу кезінде бас тартқан жағдайда – тауарлардың сомасы қайтарылады, жеткізу құнының сомасын қызмет ұстап қалуы мүмкін.

3.9 Қабылдау-тапсыру кезінде Тапсырыс беруші тапсырыстың бір бөлігінен немесе бүкіл тапсырыстан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Тапсырыс берушіден жеткізу құны ұсталады.

3.10 Тауарларды қайтару ҚР қолданыстағы заңнамасымен регламенттеледі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азық-түліктік емес тауарларды қайтаруды 14 күн ішінде жеткізілім жасалған Magnum желісінің дүкенінде жүзеге асыруға болады.

Мына тауарлар қайтаруға қабылданбайды:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайлардан басқасында, азық-түлік тауарлары (тамаққа қолданылатын барлық тауарлар);
- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар;
- іш киімдер;
- шұлық-ұйық бұйымдары;
- жануарлар мен өсімдіктер;
- метрлеп сатылатын тауарлар, атап айтқанда: барлық түрдегі талшықтардан жасалған маталар, тоқыма және перделік кенеп мата, жасанды тері, кілем бұйымдары, тоқыма емес материалдар, ленталар, шілтер, таспа, сымдар, баулар, кабельдер, линолеум, багет, пленка, клеенка.

3.1 Тиісті сападағы азық-түлік тауары табысталған және Сатып алушы қабылдаған мезеттен бастап қайтарылмайды.

3.12 Темекі өнімдеріне тек 21 жасқа толған адамдардың тапсырыс беруіне және алуына рұқсат етіледі. Тапсырысты Тапсырыс берушіге табыстау кезінде Орындаушы (курьер) Тапсырыс берушінің жеке басын куәландыратын құжатын талап етуге және 21 жасқа толмаған адамға тауарларды табыстаудан бас тартуға міндетті. Тапсырыс беруші қолданба арқылы тапсырыс берілген темекі өнімдерінің қайтарылмайтындығы туралы хабардар.

3.13 Алкоголь өнімдерін тек 21 жасқа толған адамдарға сатуға және беруге рұқсат етіледі. Тапсырысты Тапсырыс берушіге табыстау кезінде Орындаушының атынан әрекет ететін курьер жеке басты куәландыратын құжатты талап етуге және 21 жасқа толмаған адамға тауарларды табыстаудан бас тартуға міндетті. Тапсырыс беруші қолданба арқылы тапсырыс берілген алкоголь өнімдерінің қайтарылмайтындығы туралы хабардар. Сонымен қатар, Тапсырыс беруші құрамында алкоголь өнімі бар тапсырыстардың ақысын тек қолданбада картамен төлеуге болатындығы туралы хабардар.

3.14 ҚР заңнамасына сәйкес:

- Күшті алкогольді (этил спиртінің үлесі 30%-дан асатын спиртті сусындар) сағат 21:00-ден 12:00-ге дейінгі кезеңде жеткізуге және сатуға тыйым салынады
- Спирттің үлесі 30%-дан аз әлсіз алкогольді сусындарды демалыс күндері сағат 23:00-ден 08:00-ге дейінгі және мерекелік күндері сағат 00:00-ден 08:00-ге дейінгі кезеңде жеткізуге және сатуға тыйым салынады
- Алкоголь өнімдерін сатумен айналысатын тұлғалар жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуін талап етуге міндетті

3.15 MagnumGo қолданбасында алкоголь өнімдеріне және/немесе темекі өнімдеріне тапсырыс беру фактісі Тапсырыс берушінің алкоголь өнімдерін және/немесе темекі өнімдерін тек жеке, отбасылық, үйдегі немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес басқа да пайдалану мақсатында сатып алатындығын растау фактісі болып табылады.

3.16. Тараптар осы Шарт бойынша тауарларды, соның ішінде алкоголь өнімдерін сату және орындау орны Magnum сауда желісіндегі супермаркеттердің бірі болып табылатындығы туралы келісімге келді. Тауарларды Тапсырыс беруші тапсырыста көрсеткен жерге дейін жеткізу Орындаушының Тапсырыс берушіге ол тапсырыста көрсеткен жерге дейін тауарларды жеткізу қызметтерін көрсететіндігін білдіреді.

4. Төлеу

4.1 Тапсырыстың құны өнімдердің құны мен жеткізу құнынан тұрады. Бұл ретте өнімдердің құны бөлшек сатушының бағасын және ұйымдастыру шығындары мен Орындаушының қызметтерді көрсетуі үшін сервистік алымды қамтиды. Интернет-дүкендегі тауарлардың құны тапсырысты өңдеуге және жеткізуге қосымша шығындардың болуы себебінен желі дүкендеріндегі тауарлардың құнынан өзгешеленуі мүмкін.

4.2 Тапсырыс беруші тапсырыстың ақысын қолданбада төлеу опциясы бар MagnumGo қызметін пайдалану кезінде Эмитент банктің қолданбаны пайдалана отырып Банк картасындағы ақша қаражатын Төлемді алушының пайдасына есептен шығару туралы өкімді жіберу фактісі картаны ұстаушы Тапсырыс берушінің жоғарыда аталған ақша қаражатын Төлемді алушы – Орындаушының пайдасына аударуға ерік білдіруінің сөзсіз дәлелі болып табылатындығын растайды.

4.3 Тапсырыс беруші MagnumGo қызметіне қатысы бар, өз төлем картасының деректерін, қолжетімділік кодын қоса алғандағы құпия ақпаратқа үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуін болдырмау үшін мүмкін болатын барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші MagnumGo қызметін пайдалану кезінде үшінші тұлғалардың дербес деректерін, соның ішінде үйлерінің мекенжайларын, телефон нөмірлерін, төлқұжат деректерін, электронды пошта адресстерін, төлем карталарының деректерін олардың келісімінсіз көрсетпеуге міндеттенеді.

5. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім

5.1 Дербес деректерді жинаумен және өңдеумен байланысты қатынастарды регламенттейтін заңнамаға сәйкес, Тапсырыс берушінің Оферта шартында белгіленген тәртіпте Ақцепт жасауы кезінде Тапсырыс беруші Орындаушының және Үшінші тұлғалардың заңнамаға қайшы келмейтін тәсілдермен, Оферта шартында регламенттелген мақсаттарда және дереккөздерде, соның ішінде көпшілікке қолжетімді дереккөздерде, Орындаушының қарап шешуі бойынша, Орындаушымен орнатылған немесе туындайтын, немесе болашақта туындайтын кез келген азаматтық-құқықтық және (немесе) басқа да құқықтық қатынастарға байланысты Тапсырыс берушінің Дербес деректерін жинауына, өңдеуіне, трансшекаралық беруіне (қажет болған жағдайда) сөзсіз келісімін береді.

5.2 Тапсырыс берушінің Дербес деректері дегенде Тараптар Тапсырыс берушіге қатысты төмендегі мәліметтерді, сондай-ақ оларға болашақта енгізілетін, электронды, қағаз және (немесе) басқа да материалдық тасымалдағышта тіркелген өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды, соның ішінде, бірақ олармен шектелместен: аты-жөнін, тұрғылықты мекенжайын, үй, жұмыс, мобильді телефон нөмірлерін, электронды пошта адрес(-тер)ін және өзге де Дербес деректерін белгіледі.

5.3 Тапсырыс берушінің Дербес деректерін жинауды, өңдеуді және трансшекаралық беруді (қажет болған жағдайда) Орындаушы мына мақсаттарда жүзеге асырады, соның ішінде, бірақ олармен шектелместен:

- Оферта шартын, сондай-ақ заңнамамен Орындаушыға жүктелген құқықтар мен міндеттерді тиісінше орындау;

- Орындаушының ішкі бақылауы және есепке алуы;

- маркетингтік бағдарламалар, статистикалық зерттеулер жүргізу, сондай-ақ әр түрлі байланыс құралдарының, соның ішінде, бірақ олармен шектелместен: пошталық таратылымның, электронды поштаның, телефон байланысының, Интернет желісінің және т.с.с. көмегімен Сатып алушымен тікелей байланыс орнату арқылы Тауарларды ілгерілету

5.4 Тапсырыс беруші, Дербес деректерін Орындаушыға ашық байланыс арналары арқылы бере отырып, оларды өзге тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелі барын және мұның салдарын ұғынады және өзіне қабылдайды. Дербес деректерді ашық байланыс арналары арқылы беру кезінде оларды басқа тұлғалардың рұқсатсыз алуы үшін Тапсырыс беруші жауапкершілік көтермейді.

6. Өзге талаптар

6.1 Дауды сотқа дейінгі реттеу келіссөздер жүргізу және кінәрат-талап қою арқылы жүзеге асырылады және міндетті болып табылады.

- 6.2 Даулар Орындаушының орналасқан жері бойынша сотта сот тәртібінде шешіледі.
- 6.3 Орындаушы Оферта шартын өз қарап шешуі бойынша өзгертуге және (немесе) толықтыруға құқылы. Осындай өзгертулер және (немесе) толықтырулар туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету MagnumGo қолданбасында ақпарат орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
- 6.4 Оферта шартының қолданыстағы редакциясы MagnumGo қолданбасында орналастырылады.
- 6.5 Оферта шарты, сондай-ақ Оферта шартын орындаумен байланысты туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.
- 6.6 Оферта шарты Тапсырыс беруші Оферта шартына қосылған, яғни Тапсырыс беруші Оферта шартында регламенттелген тәртіпте Акцепт жасаған кезде күшіне енеді және Тараптар өздеріне қабылдаған міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады.

Деректемелер:

«Magnum Cash&Carry» ЖШС

Мекенжайы: Алматы қаласы, Астана ш.а., 1/10, «Люмир» СО

БСН: 081040004326

Тел.: +7 (727) 346-73-22

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ АОФ-дағы

ЖСК: KZ376010131000118881 (KZT)